

РЕСПУБЛИКАМЫЗДАҒЫ ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫ

Өркениетті қоғамда заманауи ақпараттық ағынға қосыла отырып, инновациялық экономикаға өтудің өз жолы бар. Бұл жолда білім берудің халықаралық стандарттарының талаптары мен сананың тоталды менеджмент концепцияларын ескерген абзал. Сонымен қатар, отандық ғылымның жаңа моделін құру бағытында тәрбие мен білімді ұштастыра түсу маңызды.

Қазақ халқы ықылым заманнан-ақ ұрпақ тәрбиелеуде оның айналыны тануға деген құштарлығына, білімдер болуына ерекше көңіл бөлген. Қазіргі тәрбие мен білім беру өнегесінде де бұрынғы өткен ақын, шешен, көреген қолбасшылардың өмірі мен ерлік жолдары, шығармашылық таланттары үлгі ретінде ұсынылып келеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұлтымыздың тәрбие мен білімдегі сан ғасырлар бойы жинақталған үрдісін бүгінгі күнге жалғастырушы ретінде де танымал. Осы орайда, 2016 жыл қазақ тарихындағы кезеңді оқиғалар мен көрнекті тұлғалардың мерейтойларының тұспа-тұс келуімен де ерекшеленеді. Көпсалалы мамандыққа даярлайтын оқу орнының ректоры Жұмахан Үшкемпірулының басшылығымен осындай елеулі мерекелерді атап өту, сол арқылы жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге ерекше назар аударылып келеді. Соның бір дәлелі — «Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы 24 ақпандағы санында университет ректоры Жұмахан Үшкемпірулының Жамбыл Жабаев туралы «Асқар таудай жыр алыбы» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Ақынның туғанына 170 жыл толуына орай білім ордасында «Ұлы даланың абыз ақыны» атты жас ақындардың жыр мүшәйрасы өтті.

Аталған шараларға қоса айтарымыз М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұлы ақын Ж.Жабаевтың мұрасын зерттеуге және оның шығармаларын толықтырып, қайта басып шығаруға өздерінің лайықты үлесін қосуда. Сөзіміздің айғағы ретінде айтсақ, «Әлем» баспасынан көлемі 203 бастауындағы «Жамбыл феномені» атты сериалдар мен ғылыми зерттеу мақалалар жинағы жарық көрді. Бұл еңбектің жарық көруіне университет жанынан құрылған «Сураншы» бағдар атындағы зерттеу орталығы көп еңбек сыйрды.

Атап айтар болсақ, кітапқа К.Өзирбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Б.Момышұлы, Ә.Нұрсейісов, Ш.Айтматов, Н.Төреқұлов, А.Тоқмағамбетов, П.Кузнецов, Ә.Төжібаев, Д.Снегин, С.Бегалин, Қ.Байсейітов, М.Ғабдуллин, М.Хакімжанова, Д.Әбілов, Н.Тілендиев, С.Садырбаев сынды ұлтымыздың біртуар тұлғаларының естеліктерінің ықшамдалған нұсқалары енген.

Естеліктердің маңызын М.Жолдасбеков, М.Мырзахметұлы, К.Сыздықов сияқты өлебиеттанушы, тарихшы, тілші ғалымдардың зерттеу еңбектері толықтыра түскен. Өрине, осынау еңбек жамбылтану саласына қосылған сүбелі үлес болары сөзсіз. Зерттеу еңбегі ұрпақтар сабақтасығын да кенінен қарастырған. Өйткені, кітапқа жамбылтану саласының бастауында тұрған белгілі ғалымдардың еңбегімен бірге кейінгі жас буынның жаңа заман, тәуелсіз ел таңымындағы соны көзқарас-

тармен жазылған зерттеулері де енгізілген. Олардың қатарында бұрын еш жерде жарық көрмеген еңбектер де бар.

Жалпы алғанда, аталған кітап алып қарау Жамбылдың сан қырлы шығармашылық қатпарларына одан әрі тереңдей түсуге жетелейтін сара жол болып қалмақ. Осының бәрін саралай келе, кітапты бағалаушы шығармашылық топтың оның атын «Жамбыл феномені» деп қоюды ұйғарғаны байқалады. Кітаптың тұсауы-сері өткеннен кейін сәуір айынан бастап бұл еңбек барлық факультет студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынылады. Сондай-ақ «Бір университет — бір кітап» акциясын өткізу де ректордың арнайы тапсырмасымен бекітілді. Бұл бастаманы ұжымның оқытушы-профессорлары, студенттері қолдап, ұйымшылдықпен іске асыруға кірісіп кетті.

Көңілге қуаныш ұялатыры, аталған жинақ ел тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына лайықты тарту болмақ. Мұндай сый Ұлы Дала Елі ұрпақтарының Жамбыл шығармаларының ХХІ ғасыр көңінде қайта көтерілуіне септігін тигізбек. Өлмес жырдың жас буынның отансүйгіш сезімін рухтандыра қуат-күші Елбасының «Мәңгілік ел» идеясына қалтқысыз қызмет етерін сенім мол.

Ақиқатында дана жыраудың төмсіддері — уақыт сынына төтеп беріп келген сирек мұра. Бұлашақ ұрпаққа рухани азық болатын мұндай мұраларды насихаттауға арналған іс-шаралар облыстағы басқа да орта және жоғары оқу орындарында жалғасын тауып жатса, өрине, нұр үстіне нұр болар еді. Сонда Ұлы Дала жыршысы Жамбыл жырлары жас ұрпақтың санасында жатталып, Отанға, елге, туған халқына деген сүйіспеншілігін арттыра түсері сөзсіз.

Осындай бастаманы көтеріп отырған техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Жұмахан Үшкемпірулы Мырхалықов басқаратын білім ордасында 8 мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлттық және салалық академиялардың 27 академигі мен 15 корпоративтік мүшесі қызмет етеді. Білім ұжымының шәкірттеріне 150 профессор, ғылым докторлары мен PhD докторлары, 736 ғылым кандидаты мен магистранттар, 42 жоғары оқу орнының үздік оқытушылары еріс берді.

Қыруар еңбек пен талмас ізденістің нәтижесінде аталған университет республикадағы жоғары оқу орындарының ішінде алғашқылардың бірі ретінде ISO 9001:2000 халықаралық стандарт талаптарына сай сапа менеджменті жүйесін енгізді. Ал, 2004 жылғы 25 желтоқсанда университет ұжымына халықаралық «Русский регистр» және «JONET» қауымдас-тықтарының арнайы сертификаттары салтанатты түрде табыс етілді.

М.Әуезов атындағы ӨКМУ — республикадағы әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуді мақсат тұтқан жоғары оқу орындарының бірі. Университеттің 12 факультетінде 86 мамандық бойынша мамандар даярланады. Солардың ішінде ең іргелісі — «Филология факультеті».

Филология факультеті халықаралық білім беру талаптарына сәйкес үш деңгейде 10 бакалавриат мамандығы, 4 магистратура мамандығы, 1 докторантура (PhD) мамандығы бойынша мамандар даярлайды.

Бакалавриат мамандықтары:

- 5B010100 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- 5B010200 — Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
- 5B011700 — Қазақ тілі мен әдебиеті;
- 5B011800 — Орыс тілі мен әдебиеті;
- 5B011900 — Шетел тілі: екі шетел тілі;
- 5B020500 — Филология (қазақ тілі);
- 5B020700 — Аударма ісі;
- 5B021000 — Шетел филологиясы (ағылшын тілі);
- 5B021900 — Шетел филологиясы (өзбек тілі);
- 5B020500 — Филология (орыс тілі).

Филология факультетінің бітірушілер облыстық және республикалық ғылыми және ғылыми-педагогикалық мекемелер мен ұйымдарда қызмет атқарады. Олар негізінен өз кәсібі аясында, яғни бұқаралық ақпарат құралдарында, білім, мәдениет және басқару мекемелерінде сарапшы, аудармашы, редактор болумен қатар, тіл және әлеуметтік коммуникация, әлеуметтік-гуманитарлық салаларда жемісті қызмет етуде.

Факультет түлектері «InterPress» халықаралық тіл орталығында, «EFL» тіл орталығында, «SENIOR» ағылшын тілі орталығында, «Agency of Dala Translations», «Expert», «Асыл Асет» аударма орталықтарында табысты жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен қатар, «Jasa Translations», «КОМЕК» ЖШС-інде, «PetroKazakhstan Oil Products» мұнай компаниясында, «КазСтройСервис» мұнайға құрылыс компаниясында еңбек жолын бастап жүргендері де бар.

Түлектерімізді мемлекеттік мекемелердің, жоғары және орта оқу орындарының төрінен кездестіре аласыз. Сонымен бірге, мектепке дейінгі мекемелерде, Шымкент қалалық білім басқармасында, БАҰО «Өрлеу» Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында іскерлік тиянықтау Республикалық және облыстық «Оңтүстік Қазақстан», «Ожыңы Қазақстан» газеттерінде еңбек етіп жүргендер бар. Сондай-ақ, кейбір шәкірттеріміз «Хабар», «Қазақстан-Шымкент», «Айғақ» телерадио кешендерінде тер төгіп жүр. Шымкент қаласындағы орыс драма театры және тағы басқа көптеген мекемелерде абыройлы қызмет етуде.

Студенттер мен магистранттардың шығармашылық ізденістеріне жол ашу мақсатында университет жанында «Сырлы сөз», «Жас қалам» үйірмелері жүйелі түрде жұмыс жүргізеді. Бұл үйірмелер пендік олимпиадаларға, халықаралық конференцияларға қатысуына ықпал еткен магистранттар мен студенттер жүлделі орындарға ие болуда.

Жалпы, М.Әуезов университеті, оның ішінде филология факультетінің профессор-оқытушыларының тіл маманың, аудармашы, педагог мамандарды даярлаудағы еселі еңбегі еліміздің дамуына қосқан зор үлес екені сөзсіз.

Қ.М.ОРАЗБАЕВ,
ӨКМУ-дің филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті.